

# **АҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ**

Алматы қ.

Осы шарт жеке тұлғаларға бағытталған, (әрі қарай - «Тапсырыс беруші»). Сайтты ЖК «Тургумбаев Ж.Т.» ұсынады (әрі қарай - «Тургумбаев Ж.Т.»). Тапсырыс беруші мен Тургумбаев Ж.Т. төмендегі туралы шарт (әрі қарай - «Шарт») жасасты:

## **1. Ұғымдар мен анықтамалар**

1.1. Осы жария офертада төменде көрсетілген ұғымдар келесі мағынада қолданылады:

1.1.1. Оферта – «PR және бедел», «SMM және digital-маркетинг», «Көпшілік алдында сөйлеу» және «Жақсы өсу ережелері» сабақтарын оқытуға онлайн ақылы білім беру қызметтерін көрсету туралы Орындаушымен жария оферта шартын жасасу жөнінде заңды және жеке тұлғаларға жасалған ұсыныс.

1.1.2. Офертаның акцепті – Тапсырыс берушінің Орындаушының көрсететін қызметтеріне жүгінуі арқылы Офертаны толық және сөзсіз қабылдауы. Офертаның акцепті Тараптар арасында Оферта шартының жасалғанын білдіреді.

1.1.3. Қызметтердің прейскуранты (прайс-лист) – Орындаушының көрсететін қызметтері бағасымен бірге тиісті түрде жарияланған әрекеттегі жүйеленген тізімі.

1.1.4. Оқу – бейнесабак, тест және тестілік материалдан құралған оқытылуға арналған сабақ.

1.1.5. Тіркеу – Тапсырыс берушінің Сайтта орналасқан тіркеу формасын толтыру және жөнелтуге қатысты әрекеттері, Сайт Операторының Тапсырыс берушіні тіркеуге қатысты ешқандай наразылығы болмаса Тапсырыс берушіге Сайтқа кіруге логин мен құпиясөз беріліп, есептік жазба құрылады.

1.1.6. Сайт – Интернет желісінде келесі мекен жай «yelikbayev.online» бойынша орналасып, Онлайн-курстарды орналастыруға арналған ақпараттық ресурс.

1.1.7. Онлайн-курстар – Орындаушымен құрастырылып, Порталда орналастырылған және Орындаушымен электрондық оқытуды қолдану арқылы жүзеге асырылатын «PR және бедел», «SMM және digital-маркетинг», «Көпшілік алдында сөйлеу» және «Жақсы өсу ережелері» курстары.

1.2. Осы Офертаның мәтіні Интернет желісінде мына мекен жай бойынша орналасқан: <https://yelikbayev.online/offerta.php>

## **2. Негізгі ережелер**

2.1. Шарттың мәтіні жария оферта болып табылады (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 395 бабы, 5-ші тармағына сәйкес жария оферта - бұл ұсыныс жасаушы жақтың кез келген хабарлаушысымен ұсыныста көрсетілген жағдайларда шарт жасасу еркі көрінетін, шарттың барлық елеулі ережелері бар ұсыныс. Офертаның акцепті - онлайн сервисті қолдану (Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің

396 бабына сәйкес). Акцепт - бұл оферта жолданған жақтың оны қабылдағаны туралы жауабы. Акцепт толық әрі бұлтарыссыз болуға тиіс. Осы жария оферта шартының акцепті бойынша іс-қимыл жасай отырып, Тапсырыс беруші өзінің құқық және әрекет қабілеттілігін, сондай-ақ Тургумбаев Ж.Т.-пен шарттық қатынасқа түсуіне заңдық құқығын растайды. Шартты жасасудың толық әрі бұлтарыссыз келісімі (әрі қарай - Акцепт) болып [yelikbayev.online](http://yelikbayev.online) сайтының қызметтеріне 100 % төлем жасау және/немесе сервисті ұсыну шарттарын қабылдау табылады;

2.2. Шарттың акцепті Тапсырыс берушінің осы ұсыныстың барлық ережелерімен келісетінін білдіреді, және барлық қосымшаларын қосып алғанда, Шарт жасасумен барабар болады. Жоғарыдағыларды ескере отырып, Шарттың мәтінін мұқият оқып шығыңыз. Шарттың қандай да бір тармағымен келіспесеңіз Тургумбаев Ж.Т. сізге оферта Акцептінен бас тартуды ұсынады.

### **3.Офертаның мәні**

3.1.Осы Офертаның мәні Орындаушының қызметтердің ағымдағы Прейкуранты мен осы Офертаның шарттарына сәйкес [yelikbayev.online](http://yelikbayev.online) сайтында Тапсырыс берушіге «PR және бедел», «SMM және digital-маркетинг», «Көпшілік алдында сөйлеу» және «Жақсы өсу ережелері» курстарын оқыту бойынша қызмет көрсету болып табылады.

### **4.Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

4.1Орындаушының мынаған құқығы бар:

4.1.1.Орындаушы Тапсырыс берушінің алдын-ала келісуісіз кез келген уақытта, біржақты тәртіппен қызметтер Прейкурантын және осы жария Офертаның шарттарын өзгертуге құқылы, сонымен бірге ол өзгертілген шарттарды Интернет желісіндегі мына мекен жайда [www.yelikbayev.online](http://www.yelikbayev.online) жариялауды қамтамасыз етеді. Өзгертілген шарттар жарияланған сәттен бастап күшіне енеді;

4.1.2.Онлайн-курс бойынша білім беру үдерісін өздігінен жүргізуге, баға беру жүйесін (соның ішінде, Тапсырыс берушінің Онлайн-курсты игеру үдерісі кезінде), аралық және қорытынды аттестациялардың формасын, тәртібін және кезеңділігін, Онлайн-курсты игеру мерзімін таңдауға және өзгертуге, Орындаушының жарғысы мен жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес тәртіптік жазаға тартуға құқылы;

4.1.3. Оқу аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіні оқудан шығаруға, сондай-ақ Тапсырыс беруші Шарттың қандай-да бір шарттарын бұзған жағдайда немесе Орындаушының жарғысы мен жергілікті нормативтік актілері, ҚР заңнамасында қарастырылған өзге де негіздемелер бойынша оны оқу аяқталмай тұрып оқудан шығаруда құқылы. Тапсырыс берушіні оқудан шығару туралы өкімгерлік актіде көрсетілген күннен бастап Шарт үзілген болып есептеледі. Осы тармақта көрсетілген негіздемелер бойынша Шарт үзілген кезде Тапсырыс берушіге қызметтер құны қайтарылмайды;

4.1.4.Тапсырыс берушунің орнына үшінші тұлғаның Онлайн-курс бойынша білім бақылауын өту фактісі немесе Тапсырыс берушінің Онлайн-курс бойынша аралық

және қорытынды аттестацияны өтуге байланысты басқа да тәртіп бұзушылықтары анықталған жағдайда Онлайн-курсты игеру туралы құжаттың күшін жоюға құқылы;

4.2. Орындаушы мынаған міндеттенеді:

4.2.1. Тараптар келіскен мерзімде осы Офертаның шарттарын сәйкес Тапсырыс берушіге тиісті ретпен қызмет көрсетуге;

4.2.2. Осы Офертаны орындауға байланысты Тапсырыс беруші ұсынған құпия ақпарат пен мәліметтерді жарияламауға;

4.2.3. Порталда Онлайн-курстарға қатысты өзекті ақпаратты, соның ішінде Онлай-курстың мазмұны, көлемі, құны және оқу мерзімі бойынша ақпаратты орналастыруға;

4.2.4. Шарттың шарттарын сақтаған жағдайда Тапсырыс берушіні тыңдаушы ретінде оқуға қабылдауға;

4.2.5. Тапсырыс берушіге оның Онлайн-курсты игеруіне барлық қажетті жағдайларды жасау;

4.3. Тапсырыс беруші мынаған құқылы:

4.3.1. Осы Офертаның шарттарына сәйкес Орындаушыдан қызметтердің уақытылы және толық көлемде көрсетілуін талап етуге құқылы;

4.4. Тапсырыс беруші мынаған міндеттенеді:

4.4.1. Осы Оферта мен қызметтер Прейскурантында қарастырылған тәртіпте, мерзімде және мөлшерде Орындаушыға көрсетілетін қызметтері үшін төлемді уақытылы және толық жасау;

4.4.2. [yelikbayev.online](http://yelikbayev.online) сайтындағы Тіркеу кезінде өзіңіз туралы расталған, толық және нақты ақпаратты көрсету; Сайтта Тіркеу және аралық және қорытынды аттестацияны өту кезінде өз тұлғаңызға қатысты Орындаушыны жаңылыстырмау; Тіркеу кезінде көрсетілген ақпаратты өзекті күйінде ұстау;

4.4.3. Осы Офертаны орындауға байланысты Орындаушы берген ақпарат пен басқа да мәліметтерді жария етпеу, осындай фактілер мен ақпаратты (жалпыға қолжетімді ақпараттан басқа) ашпау және жария етпеу, соның ішінде Орындаушының жазбаша келісімісіз Оқу материалдарын қандай да бір үшінші тұлғаларға ашпау және жария етпеу;

4.4.4. Орындаушы ұсынған барлық сабақтарды «Сабақты аяқтау» батырмасын басу арқылы аяқтау.

4.4.5. Қызметтерді көрсету мерзімінің басталуын өздігінен қадағалау, оқу жоспарына сәйкес Онлайн-курс бағдарламасын толық көлемде игеру, соның ішінде Орындаушы бекіткен оқу жүктемелері мен өзіндік жұмыстарды орындау;

4.4.6. Тіркеу кезінде берілген логин мен құпиясөзді үшінші тұлғаларға бермеу;

4.4.7. Логин мен құпиясөзді іріктеу, бұзу немесе басқа әрекеттер арқылы Сайттаға басқа есептік жазбаларға кіруге бағытталған іс-әрекеттерді жасамау;

4.4.8. Порталда былапыт сөздерді мен оның туындылары бар хабарламаларды жарияламауға, сондай-ақ мынандай болып танылатын әрекеттерге жол бермеу:

-өшпенділікті насихаттайтын, нәсілдік, этникалық, жыныстық, дәни және әлеуметтік белгілері бойынша кемсітетін;

-басқа қолданушыларды және (немесе) үшінші тұлғаларды балағаттайтын, олардың ары мен абыройына, іскерлік беделіне кір келтіретін;

-дербес деректер заңнамасын бұзатын;

4.4.9.10 Өз жұмыс орнын 10 Мбит/с кем емес жылдамдықпен Интернет желісіне қосыла алатын және Онлайн-курс сипаттамасында көрсетілген талаптарға сай дербес компьютер немесе басқа құрылғымен өздігімен ұйымдастыру;

## **5.Қызмет көрсету тәртібі**

5.1.Тапсырыс беруші Орындаушының ағымдағы бағаларына қарай өзіне қажет Курстар санын өздігінен анықтайды және осы Офертаның 6 бөліміне сәйкес кепілдеме төлем жасайды.

5.2.Орындаушы Тапсырыс беруші берген мәліметтерді тексереді және Орындаушының есеп шотына ақшалай қаражат түскеннен кейін, бірақ кепілдеме төлем жасағаны туралы төлем құжатының көшірмесін ұсынғаннан бұрын емес, Орындаушы жеке кабинетке қолжетімділікті ашып, Тапсырыс беруші сонда оқуды өтеді. Тапсырыс беруші төлемді растайтын құжаттарды ұсынып, бірақ ақшалай қаражат қандай да бір себептермен Орындаушының есеп шотына түспеген болса, онда Орындаушы бұл туралы Тапсырыс берушеге хабарлайды және осы шарт бойынша қызмет көрсетпеуге құқылы.

5.3.Орындаушының кінәсі бойынша өткізілмеген сабақтар еш жоғалтусыз сол тарификациямен басқа уақытқа ауыстырылады.

## **6.Қызметтерді төлеу**

6.1.Қызметтер құны бекітілген бағалар - қызметтер Прейскуранты, прайс-лист бойынша есептеледі және банк карталарымен төлем жасауға арналған [www.clodupayments.ru](http://www.clodupayments.ru) сайты арқылы Тапсырыс берушіге ұсынылып, Орындаушының Тапсырыс берушіге жазып беретін түбіртегінде бекітіледі.

6.2.Осы Офертаға сәйкес төлем қызмет көрсетілгенге дейін 100 % мөлшерінде, қызмет көрсету басталуына 1 (бір) күннен емес мерзімге дейін жасалады.

6.3.Ақшалай қаражатты аудару міндеттемелерінің орындалу күні болып ақшалай қаражаттың Орындаушының есеп шотына немесе кассасына түскен күні есептеледі.

## **7.Тараптардың жауапкершілігі**

7.1.Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісті деңгейде орындамағы үшін Тараптар ҚР қолданыстағы заңнамасы бойынша жауап береді.

7.2.Тараптар Офертаның шарттарын орындау үдерісінде пайда болған келіспеушіліктерді шешу үшін барлық қажетті шараларды қабылдап, келіссөздер көмегімен реттейді.

## **8.Шартты тоқтату негіздері**

8.1. Осы Шарт тараптардың келісімімен тоқтатылуы мүмкін. Бір Тараптың бастамасымен Шарт Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша тоқтатылуы мүмкін.

## **9. Осы шарт бойынша міндеттемелерді орындамау немесе тиісті деңгейде орындамау үшін жауапкершілік**

9.1. Тараптар осы шартты орындауға қатысты міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті деңгейде орындамаған жағдайда олар азаматтық заңнамада және тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңнамада (тараптардық құқықтық қатынастарына қолдануға келген жағдайда) қарастырылған және сол заңнамаларда бекітілген шарттар бойынша жауап береді.

9.2. Тапсырыс беруші осы шарттың әрі қарай орындалуынан бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға төленген Сабақтар құны мен Тапсырыс беруші өткен сабақтар құнының айырмасы мөлшерінде айыппұл төлейді.

## **10. Шарттың әрекет ету мерзімі, оны өзгерту мен тоқтату тәртібі**

10.1. Орындаушының жария офертасын Тапсырыс беруші акцепті сәтінен бастап Шарт жасасқан болып есептеледі және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін әрекет етеді.

10.2. Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасы мен Шартта қарастырылған негіздер бойынша өзгертілуі немесе тоқтатылуы мүмкін.

## **11. Орындаушының реквизиттері**

ЖК ИП «Тургумбаев Ж.Т.»

БСН: 870603301175

Банк реквизиттері

Есепшот: KZ516018771000293961

«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ

БСК HSBK KZ KX